



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



**ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ
КҮТУЛЕР
ҚАЗАН 2024**


2024 жылдың қазан айында халықтың алдағы 12 айдағы инфляциялық күтулері 14,1% деңгейінен қазан айында 12,5%-ға дейін төмендеді. Оған валюта бағамының аздап әлсіреуі ықпал етті. Сонымен қатар, тұтыну көңіл-күйі сәл нашарлады, себебі халық елдің дамуы мен алдағы бір жылдағы жеке материалдық жағдай бойынша болжамдарын төмендетті.

Халықтың инфляциялық күтулері

2024 жылдың қазан айында 1 жылдан кейін күтілетін инфляцияның медианалық мәні¹ 12,5%-ға дейін төмендеді (2024 жылғы қыркүйек – 14,1%) (1-график). Сонымен қатар, кейінгі 12 айда сезілген инфляцияның медианалық мәні 12,7%-ға дейін төмендеді (13,6%).

Айта кететін жайт, 2024 жылдың маусым-қыркүйек айларындағы инфляциялық күтулер теңгенің долларға шаққандағы айырбас бағамының әлсіреуі аясында қалыптасты. Алайда қыркүйек пен қазан айының басында оның аздап тұрақтанғаны байқалды. Бұл өз кезегінде қазан айындағы сауалнамада халықтың инфляциялық күтулеріндегі валюта бағамының әсерін азайтты.

1-график. Инфляция және оны бағалаудың медианалық мәні, %



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab


2024 жылдың қазан айында азық-түлік емес тауарлар бағасының өскенін атап өткен респонденттердің үлесі 17,3%-ға дейін өсті (2024 жылғы қыркүйек – 15,8%). Сонымен қатар, азық-түлік бағасының өскенін атап өткендердің үлесі 66,9%-дан 64,6%-ға дейін төмендеді.

2024 жылдың қазан айында азық-түлік тауарлары арасында респонденттер ең көп және сүт өнімдері, жеміс-жидек пен көкөніс бағасының өскенін атап өтті. Азық-түлік емес тауарлар құрылымында халық дәрі-дәрмек, киім мен аяқкиім, тұрмыстық химия өнімдерінің қымбаттауын атап көрсетті. Ақылы қызметтердің ішінде респонденттер ең көп тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, интернет пен ұялы байланыс, медициналық қызметтердің бағасы өскенін айтты (2-график).

2-график. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері



Азық-түлік емес тауар мен қызмет түрлері




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

Халықтың тұтыну көңіл-күйлері

2024 жылдың қазан айында тұтыну көңіл-күйінің индексі 114,7-ге дейін төмендеді (2024 жылғы қыркүйек – 115,7) (3,4,5-графиктер). Алдағы бір жылға елдің даму перспективаларын бағалау күтулері 5,9 пунктке төмендеп, 124,6-ға түсті. Сонымен қатар, жеке материалдық жағдайдың алдағы бір жылдағы өзгеруі бойынша бағалар 1,4 пунктке төмендеп, 125,1-ге түсті.


Сондай-ақ, қазіргі жағдайды бағалауда жеке материалдық жағдай көрсеткіші кейінгі жылы 1,3 пунктке көтеріліп, 104,6-ға жетті. Ал қомақты қаржыға сауда жасауға дайын болу 0,5 пунктке өсіп, 112,4-ке жетті.

3-график. Тұтыну көңіл-күйі индексі²




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

4-график. Күтулерді бағалау



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab


5-график. Қазіргі жағдайды бағалау



Кәсіпорындардың баға күтулері баяулады

2024-жылдың 3-тоқсанында экономикадағы кәсіпорындардың өнімдері мен қызметтеріне бағаның өсу қарқыны біршама баяулады, ал ауыл шаруашылығында бағаның төмендеуі байқалды. 2024-жылдың 4-тоқсанында үрдіс жалғасады деп күтілуде, көптеген салалар бағаның өсу қарқынының төмендеуін күтуде, әсіресе сауда саласындағы кәсіпорындар, алайда ауыл шаруашылығы және сүмен жабдықтау кәсіпорындары олардың өсуін күтуде (6-кесте).


График 6. Кәсіпорындардың дайын өніміне бағаның өзгеру динамикасы, диффузиялық индекс³



Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарының мониторинг нәтижелері, Ұлттық Банк
Кәсіпорындарға сауалнама тоқсан сайын жүргізіледі

Кәсіпорындардың басым көпшілігі үшін дайын өнімнің бағасын белгілеудегі ең маңызды фактор шикізат пен материалдардың бағасы (кәсіпорындардың 79,6% үшін), сұраныс (78,8%) және еңбек шығындары (67,3%) болып табылады. Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, 2024-жылдың 3-тоқсанында шикізат пен материалдарға және импортталатын өнімге бағаның өсу қарқыны шамалы төмендеді, дайын өнімге сұраныс пен орташа жалақының өсу қарқыны айтарлықтай өзгерген жоқ. 2024-жылдың 4-тоқсанында сұраныстың біршама өсуі күтілуде, қалған факторлардың өсу қарқыны баяулайды деп күтілуде (7-кесте).

График 7. Кәсіпорындардың дайын өніміне бағаны белгілеу факторларының динамикасы, диффузиялық индекс³



Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарының мониторинг нәтижелері, Ұлттық Банк
Кәсіпорындарға сауалнама тоқсан сайын жүргізіледі

ЕСКЕРТУЛЕР

¹ 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ, себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті. Бұл респонденттердің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді.

Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

² Тұтыну көңіл-күйі индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдыңғы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- қомақты сауда жасау.

Қазіргі жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі бір жылда жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- қомақты сауда жасау индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні;

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән оң және теріс жауаптардың +100 арасындағы айырмашылығы ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән – оң мәндердің, 100-ден төмен – теріс мәндердің басым екенін білдіреді.

³ Диффузиялық индекс (Сі) оң жауаптардың қосындысы және жауаптардың жартысы өзгеріссіз есептеледі. ДИ-қарастырылып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор. 50 деңгейден жоғары мән – өсуді, 50 деңгейден төмен – түсуді білдіреді. Сі мәні 50 деңгейден неғұрлым алыс (жоғары немесе төмен) болса, индикатордың өзгеру (жоғарылау немесе төмендеу) қарқыны соғұрлым жоғары болады. Респонденттер саны: 3 438 кәсіпорын. Маусымдық тазартылған деректер. Кәсіпорындар сұраққа жауап берді: «Сіздің кәсіпорынның дайын өнімінің сату бағасы қалай өзгерді/өзгереді?»

* 2024 жылдың 4-тоқсанында кәсіпорындардың күтулері келтірілген.